



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

консулдарды мемлекет басшылары тағайындайды. Мекендеу мемлекеті консулдың тағайындалуы туралы хабарландырылады. Кейбір мемлекеттер консулды тағайындау кезінде мекендеу мемлекетінен алдын ала келісім сұрайды. Сыртқы істер ведомствосы тағайындайтын консулға, оның өкілеттіктері туралы куәлік - консулдық патентті береді. Патентте консулдың толық аты-жөні, азаматтығы, сыныбы, лауазымы, консулдық аймағы мен консулдың орналасу орны көрсетіледі. Консулды қабылдайтын мемлекет консулдың міндеттерін атқару үшін арнайы рұқсат - консулдық экзекватураны береді. Консулдық міндеттерді тікелей атқарған консулдық лауазымды тұлғалар консулдық артықшылықтар мен иммунитеттерге толық көлемде ие. Әкімшілік-техникалық және құрамның артықшылықтары мен иммунитеттері екі мемлекет арасындағы келісімімен белгіленеді.

Консулдық өкілдіктер мынадай артықшылықтар мен иммунитеттерге ие болады: консулдықтардың ғимараттарына, олардың көліктік құралдарына, консулдықтардың қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың үйлеріне, консулдық архивтер мен құжаттарына қол сұқпаушылық және консулдық мекеме басшысының резиденциясына қол сұқпаушылық. Бұл баспаналарға кіру үшін консулдық өкілдігі басшысының келісімі немесе өтініші керек.

Консулдық мекемелерінің баспаналарына қол сұқпаушылық мекендеу мемлекеттерімен екі жолмен қамтамасыз етіледі:

1. Баспаналардың тиімді сыртқы күзетін қамтамасыз ету;
2. Мекендеу мемлекеті билігінің консулдыңғының баспанасына кіруді шектеу.

Консулдықтардың мынадай құқықтары болады: мекендеу мемлекетінде және үшінші мемлекет аумағында орналасқан өз мемлекеттік дипломатиялық және консулдық мекемелерімен өз мемлекетінің үкіметімен кедергісіз байланыса алады; шифрлік депешаларды, арнайы курьерлерді және жай байланыс әдістерін қолдана алады; әртүрлі салық, алым, баждардан босатылады, консулдық мекеме басшысының көлігіне және консулдық ғимаратта консулдық қалқаны (мемлекет эмблемасын) бекіте және туды іле алады.

Консулдар куәлар ретінде сотқа шақырыла алады, бірақ одан бас тартқан жағдайда оларға қатысты мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Консулдыңғының лауазымды тұлғалары және олардың отбасы мүшелері салық, алым, баж, кеден баждарын төлеуден, жеке жүкті қараудан және жеке міндеттіліктерден босатылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Колосов. Ю.М, Кривчикова Э.С Международное право.
2. Конвенция Каракас
3. Конвенция Гавана
4. А.Х. Абашидзе, Е.М. Абайдельдинов. Халықаралық құқық

УДК 341.1/8

### **ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Тимурова Молдир Тимуровна**

[Timurovamoldir@mail.ru](mailto:Timurovamoldir@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

**Аңдатпа.** Мақалада қарулы қақтығыстар кезінде балалардың құқықтарын қорғаудың проблемалық мәселелері қарастырылады, оның ішінде қарулы қақтығыстар кезінде балалардың құқықтары мен қауіпсіздіктерін қалай қамтамасыз ету керектігі жөнінде мол

мәлімет береді. Қарулы қақтығыстар кезіндегі балаларды қорғауды реттейтін халықаралық-құқықтық нормаларды зерттеу және талдау жүргізіледі.

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблематичные вопросы защиты прав детей во время вооруженного конфликта, в том числе предоставление исчерпывающей информации о том, как обеспечить защиту прав и безопасности детей в вооруженных конфликтах. Изучение и анализ норм международного права, регулирующих защиту детей во время вооруженных конфликтов.

**Annotation.** The article examines the problematic issues of minors rights protection during armed conflicts, including providing an abundance of information on how to ensure children's rights and security in armed conflicts. In the armed conflict, studies and analysis of international legal norms regulating the protection of children are conducted.

**Түйін сөз.** Кәмелетке толмағандар, балалар, қарулы қақтығыс, жауапкершілік, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс.

Бүгінде әлемдегі жүздеген балалар қарулы қақтығыстарға қатысуда. Балаларға әсер етудің көптеген түрлері бар, соның ішінде алдау, зорлық-зомбылық көрсету, құқықтары мен бостандықтарын бұзу, алсолардың ішіндегі ең маңыздысы - балаларды сарбаз ретінде пайдалану. Ал қақтығыстар балаларға үлкен кері әсерін тигізетіні сөзсіз белгілі. Олардың көпшілігі ұрлану, зорлану, қанаудың көптеген нысандарының құрбанына айналып, көбі қарулы қақтығыс кезінде отбасыларымен байланысын жоғалтады. Балалардың басым бөлігі соғыстық әрекеттерге қатысып жатса, енді біреулерін сексуалды қажетсінулерін қанағаттандыру үшін, барлаушы, байланысшы, тасымалдаушы, малай ретінде, сондай-ақ құрлықтағы миаларды орнату мен қатерсіздендіру үшін пайдаланады.

Қарулы қақтығыстар жағдайында балаларды қорғау. Халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы балаларды құқықтық қорғау мәселесі Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін көтерілді. Бұған дейін балалар арнайы қорғауды қажет ететін ерекше санатта болмады. Балаларды қорғау адамзаттың принципіне негізделген бүкіл азаматтық тұрғындарды қорғаудың бір бөлігі болды. Бұл қағида халықаралық гуманитарлық құқық туралы алғашқы конвенцияларда: 1899 жылғы Бірінші Гаага конференциясы мен 1907 жылғы Екінші Гаага Конференциясында көрініс тапты, бұл оның тәуелсіз құқықтық мәнін анықтады.

Тек соңғы онжылдықта қарулы қақтығыстар екі миллионнан астам баланы өлтіріп, тағы алты миллион баланы физикалық тұрғыда жарақаттады, жиырма миллионға жуық бала көшіп-қонып, босқындар болып отыр, ал бір миллион шамасындағы балалар жетім және кепілдікке алынған, ұрланған немесе сатылған. Санаулар бойынша, кез-келген уақытта шамамен кемінде 300 мың бала жанжалдарға жауынгерлер ретінде қатысады.

Мозамбиктің және Оңтүстік Африканың бұрынғы Бірінші Ханымы Грас Машелдің айтуынша, «Соғыс баланың барлық құқықтарын - өмір сүру құқығын, отбасымен және қоғаммен бірге болу құқығын, денсаулыққа құқығын, жеке дамуына құқығын және қамқорлықта болу мен қорғану құқығын бұзады».

1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенция бала ұғымына келесі анықтамасын береді: әрбір адам бала 18 жасқа толғанға дейін, егер осы балаға заңға сәйкес ол кәмелеттік жасқа бұрынырақ толып қоймаса, бала болып саналады. Айта кету керек, егер 18 жасқа толғанға дейін ұлттық заңнамаға сәйкес кәмелеттік жасқа толған болса, оның азаматтық-құқықтық субъектілігі өзгереді. Бірақ соғыс жағдайында бұл адамдар балалар деп танылып, ерекше қорғауға ие болады. 1995 жылдың желтоқсанында болып өткен жиырма алтыншы Халықаралық Қызыл Крест пен Қызыл Жартыай конференциясында қақтығыс тараптарына 18 жасқа толмаған балалардың соғыстық әрекеттерге қатыспауын қамтамасыз ету мақсатында кез келген мүмкін болар шараларды қабылдап отыруға ұсыныстар жасалған болатын.

Қарулы қақтығыстарға тікелей қатыспайтын балалар қорғалатын адамдар санатына жатады және төртінші Женева конвенциясының азаматтық халқын жалпы қорғауды пайдаланады. IV Женева конвенциясының 24-бабына сәйкес, қақтығысқа қатысушы тараптар соғыс салдарынан жетім қалған немесе отбасыларынан айырылған 15 жасқа дейінгі

балалардың барлық жағдайларды қамтамасыз етуге көмектесу үшін қажетті шараларды қабылдайды, діндеріне және олардың тәрбиесіне қатысты міндеттер орындайды. Олар 12 жасқа толмаған барлық балалардың жеке басын куәландыратын айырым медальоны арқылы немесе кез-келген басқа жолмен орнатуға болатын шараларды қабылдауға тырысады.

Әскери іс-қимылдар жағдайында отбасының тұтастығын сақтауға және олардың бөлінуін болдырмаудың барлық мүмкін шараларын жүзеге асырады. Төртінші Женева конвенциясының 26-бабына сәйкес қақтығыс тараптары отбасы мүшелерінің жүргізетін іздестірулерін жеңілдету арқылы, олардың бір-бірімен байланыс орнатуына және мүмкіндігінше қосылуына бағытталған әрекеттер жасайды.

Балаларды қарулы қақтығыстарда пайдалануды қысқартумен және соған тыйым салумен байланысты мәселелерді жанама түрде болса да реттейтін тағы бір маңыздылығы бойынша алдыңғысынан кем түспейтін халықаралық-құқықтық актіге 1999 жылдың 17 маусымында ХЕҰ-ның Женевада болып өткен Бас конференциясының 87-сессиясында қабылданған Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) № 182 «Бала еңбегінің ең нашар әдістеріне тыйым салу мен оларды құрту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» конвенция жатады. Қарастырылып отырған Конвенцияның құндылығы тікелей түрде келесіге негізделген: онда балаларды әскер ретінде пайдалану бала еңбегінің ең нашар формалары ретінде анықталған және жасы 18-ге толмаған балаларды қарулы қақтығыстарға қатыстыруға арнап мәжбүрлі немесе міндетті шартпен тартуға тыйым салынады.

Қарулы қақтығыстар кезіндегі балалардың құқығын қорғау саласындағы аймақтық халықаралық-құқықтық актілердің ішінен 1999 жылдың қараша айында күшіне енген Африкалық бала құқығы мен жақсы өмір сүру хартиясын ерекше атап кету қажет, ол бала құқығы жөніндегі аймақтық деңгейдегі алғашқы келісімшарт болып табылады. Оның ережелерінде балалар жасаған қылмыстар үшін өлім жазасын шығаруға, сондай-ақ балалардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін немесе кемсітушілік сипатқа ие болып келетін (жынысы мен өзге де белгілер бойынша) дәстүрлер мен мәдени практикаларға тыйым салу көрсетілген. Хартия, сонымен қатар балаларды қарулы қақтығыстарға тарту мен қатыстырудың барлық түрлеріне арнап 18 жасты ең кіші жас ретінде бекіткен аймақтық деңгейдегі алғашқы келісімшарт болып табылады.

Балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуы әлемдік қоғамдастық тарапынан қарастырылуыда. Комботант балаларға азаптайтын және жарақаттайтын қаруларды қолдануға тыйым салынады. Шабуыл жараланған, науқас және комботант балаларға қарсы жасалмайды. Оларға ешқандай кемсітушіліксіз адамгершілікпен қарау, медициналық көмек, қамқорлық көрсетіледі. Қазіргі уақытта қарулы қақтығыстарға ұшыраған балаларды қорғауды күшейту, хабардарлықты жоғарылату, соғыстағы зардап шеккен балалардың жағдайы туралы ақпарат жинау және олардың жағдайын жақсарту үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылған Балаларды қорғау жөніндегі Бас хатшының Арнайы өкілі бар.

Соңғы екі онжылдықта қарулы қақтығыстың сипаты мен тактикасы өзгерді, оған байланысты балаларға қауіп төніп тұр. Ал қарулы қақтығыстар кезінде балалар қолдарындағы қауіпті заттарды (қаруды) ойыншыққа айналдырып, олардың өліміне әкелетінін түсінбейді. Сондай-ақ оқу орындарына жасалған шабуыл өсіп келеді, осының нәтижесінде балаларды алдау арқылы мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне газ және қышқыл тарату заттарымен шабуылдар жасалуда, мектеп ғимараттары стратегиялық мақсаттарға айналатын әскери база ретінде пайдаланылуда.

Қорытындылай келе, балалар мен қарулы қақтығыстардың проблемасы халықаралық сипатқа ие және бірлескен шешімдерді талап ететінін айқындаймыз. Қарулы қақтығыстар жағдайында балаларды қорғаудың - нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығының негізгілері: әдеттегі гуманитарлық құқық нормалары; 1949 ж. Соғыс уақытында азаматтық адамдарды қорғау туралы IV Женева конвенциясы, 1977 жылғы Женева конвенцияларына I және II қосымша хаттамалар, 1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенция, 1999 жылғы

Балалар еңбегінің ең нашар түрлері туралы конвенциясы, 2000 жылғы қосымша хаттама қарулы қақтығысқа қатысушы балалардың құқықтары туралы Конвенция.

Әскери әрекеттер жағдайында баланың қалыпты дамуын, өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерді жұмсау керек. Отбасының тұтастығын сақтау, оның бөлінуіне жол бермеу, жетім және жоғалған балаларға тез арада көмек көрсету, баланың мәдени ортасын сақтау шараларын жүзеге асыру керек. Қарулы қақтығыстарға ұшыраған балалар үшін тиісті оңалту қамтамасыз етілуге тиіс, себебі зорлық-зомбылық құрбаны болған немесе куәгер балаларға, яғни барлық келешек ұрпақ дауды зорлық-зомбылық әдістерімен шешуге душар етуі мүмкін. Халықаралық қоғамдастық балаларды қарулы қақтығыстарға тартуға жол бермеу шараларын күшейтуі керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. 1949 жылғы 12 тамыздағы соғыс уақытында азаматтық тұлғаларды қорғау туралы Женева конвенциясы.
2. «Бала еңбегінің ең нашар әдістеріне тыйым салу мен оларды құрту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» конвенция.
3. 1989 жылғы Балалар құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы.
4. Балаларды қарулы қақтығыстарға тарту туралы Бала құқықтары туралы конвенцияның Факультативтік хаттамасы.
5. 1907 Бейбітшілік бойынша екінші конференция.
6. 1899 жылғы Гаага бейбітшілік конференциясы.

УДК 341.1/8

### **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МККК В ВОПРОСАХ ВЗЯТИЯ ЗАЛОЖНИКОВ: АНАЛИЗ РУКОВОДЯЩИХ ПРИНЦИПОВ**

**Толыбаева Акмарал Нурлановна**

**Tolybayeva98@gmail.com**

Студентка 2 курса Юридического факультета кафедры международного права ЕНУ им.

Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель Костяная Ю.С.

Участие в решении проблем, связанных со взятием заложников, не принадлежит, строго говоря, к числу традиционных видов деятельности Международного Комитета Красного Креста (МККК), но тем не менее комитету за свою историю неоднократно приходилось играть гуманитарную роль нейтрального посредника в подобных ситуациях. [1, стр 99-117] Такие возможности особые в плане практических действий, которыми располагает МККК благодаря своей независимости, своей нейтральности, а иногда и знанию воюющих сторон, в каких-то ситуациях могут позволить комитету внести вклад в мирное разрешение кризиса и послужить, таким образом, интересам жертв. Взятие заложников запрещено международным гуманитарным правом (согласно статье 34 Женевской конвенции IV; статья 3, общая для всех четырех Женевских конвенций; статья 75 пункт 2 с Дополнительного протокола I и статья 4 пункт 2 с Дополнительного протокола II) [2] В 1972 году Международный комитет красного креста принял руководящие принципы действий в ситуациях, когда комитетоводилось иметь дело со взятием заложников. Это было сделано не только потому, что в напряженных и опасных ситуациях, какими являются ситуации взятия заложников, делегатам нужны практические рекомендации, но и потому, что комитету пришлось убедиться, на своем так скажем неудачном опыте, что им манипулировали, чтобы ввести в заблуждение противную сторону и решить кризис путем насилия. Когда одна из сторон поступает, таким образом, она не только создает угрозу для штата МККК, соучаствующего в разрешении кризиса, но и вынуждает противную сторону усомниться в принципах МККК, таких как нейтральность и независимость. Однако именно признание и принятие принципов нейтральности и независимости позволяют комитету